

№4 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: ЖШС «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 22.02.2024 ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Тұз ол жай нәрсе емес, қызықты»
2. «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын?» тақырыбындағы тәжірибе алмасу және «Қыс ғажайыптары» атты сурет көрмесінің қорытындысы.
3. «Модульдік оқыту технологиясы»

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша сөз алған тәрбиеші Сыздық Ш. «Тұз ол жай нәрсе емес, қызықты» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекет туралы баяндама жасады.

Баяндамашы тұздың адам өміріндегі маңызына тоқталып, оның тек тағамдық өнім ғана емес, зерттеу жұмыстарына қолданылатын қызықты материал екенін атап өтті. Балалар тұздың суда еру қасиетін бақылап, түрлі тәжірибелер жүргізген. Сонымен қатар тұздан кристалл өсіру, түрлі-түсті тұз дайындау, тұзбен сурет салу сияқты жұмыстар ұйымдастырылған.

Іс-әрекет барысында балалардың қызығушылығы жоғары болғаны, олардың бақылау жасау, салыстыру және қорытынды шығару дағдыларының дамығаны айтылды.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Жүрсін Н.Б. тәрбиеші Сыздық Ш.-ның жұмысын жоғары бағалап, зерттеу жұмыстары балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда тиімді екенін атап өтті.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Мустиярова С. тұзбен жүргізілген тәжірибелердің балалар үшін өте қызықты болғанын және осындай жұмыстарды басқа топтарда да ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Ахмедова М. «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын?» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.

Баяндамашы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында күнделікті оқу қызметтерінде дәстүрден тыс сурет салу технологияларын, тәжірибелік жұмыстарды, бақылау әдістерін қолданатынын айтты.

Балалардың зерттеу әрекеттерін дамыту үшін табиғат құбылыстарын бақылау, тәжірибе жасау, сұрақтарға жауап іздеу жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылатыны көрсетілді.

Сондай-ақ педагог «Қыс ғажайыптары» атты сурет көрмесінің нәтижелерімен таныстырды. Көрмеге тәрбиеленушілердің қыс мезгіліне арналған шығармашылық жұмыстары қойылып, балалардың эстетикалық талғамын дамытуға ықпал еткені атап өтілді.

Көрме барысында балалар өз жұмыстарын таныстырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін сурет арқылы бейнелеген.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Жүрсін Н.Б. шығармашылық жұмыстардың сапасы жоғары екенін айтып, көрменің мазмұнды ұйымдастырылғанын атап өтті.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Ахмедова М.-ның балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту бағытындағы тәжірибесін барлық педагогтердің қолдануына ұсынды.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Ахмедова А. көрме балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға үлкен ықпал еткенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Бекарыстанова А. «Модульдік оқыту технологиясы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктеріне тоқталып, оның білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Модульдік технология арқылы балалардың танымдық белсенділігі артып, өздігінен жұмыс жасау дағдылары қалыптасатыны айтылды. Сонымен қатар бұл технологияның тәрбиеленушілердің оқу материалын жеңіл меңгеруіне, алған білімдерін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік беретіні көрсетілді.

Педагог модульдік оқыту технологиясын қолдану барысында өткізілген іс-әрекеттерден мысалдар келтіріп, тәжірибесімен бөлісті.

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Мырсейтова Э.С. модульдік технологияның қазіргі білім беру талаптарына сәйкес келетінін атап өтті.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Жүрсін Н.Б. педагогтерге оқу-тәрбие процесінде инновациялық технологияларды жүйелі түрде қолдануды ұсынды.

